



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2021 жылғы 19 ақпандағы

№ 2-10-VII

Сарыағаш қаласы

город Сарыағаш

**Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы
№59-520-VI «2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы»
шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109 бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш ауданының мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №59-520-VI «2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6003 тіркелген және 2021 жылы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 - тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Сарыағаш ауданының 2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 32 888 224 мың теңге;

салықтық түсімдер – 3 401 099 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 1 073 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 35 000 мың теңге;

трансферттер түсімі – 29 451 052 мың теңге;

2) шығындар – 33 112 256 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 212 647 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 262 530 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 49 883 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -436 679 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 436 679 мың теңге;
 қарыздар түсімі – 262 530 мың теңге;
 қарыздарды өтеу – 49 883 мың теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 224 032 мың теңге.».

Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Көрсетілген шешімнің 4 тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2021 жылға аудандық бюджеттен кент және ауылдық округтер бюджеттеріне берілетін субвенциялар мөлшерінің жалпы сомасы 225 878,0 мың теңге болып қарастырылсын:».

2. «Сарыағаш ауданының мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді «Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Сарыағаш ауданының мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы**

Ш. Ибрагимов

**Аудандық мәслихат
хатшысы**

С. Таскулов

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 04.03.2021
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 6082 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Главный специалист-юрист Сабит Улугбекович Манапов, 04.03.2021 11:10:17, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Секретарь районного маслихата Смаил Абубакирович Таскулов, 04.03.2021 11:12:46, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Председатель сессии районного маслихата Шермат Бегматович Ибрагимов, 04.03.2021 11:15:24, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Департамент юстиции Туркестанской области - Руководитель Мухит Бекетович Тургараев, 04.03.2021 17:37:21, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі